

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ӨЛІМ МИНИСТРЛІГІ


СТУДЕНТЕРГЕ ЖОЛ ҚҰРСЕТКІШ





SOUTH KAZAKHSTAN STATE
PEDAGOGICAL UNIVERSITY



ДАЙЫНСЫҢ БА?



АЛ ОНДА КЕТТИК!



$$\begin{array}{r} 43 \\ - 32 \\ \hline 11 \end{array}$$



МАЗМУНЫ

4

Шежірелі шаңырақ

6

Оқу гимараттары және студенттер үйі

7

Білім алушының құқықтары мен міндеттері

8

ID карта алу.

9

Жатақханага орналасу процесі

10

Академиялық адалдық қагидаттары

11

2022-2023 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе

12

Оқытуудың кредиттік технологиясы

13

Оқу пәндеріне тіркелу және ЖОЖ құру

13

Студенттің оқу сабактарына қатысуы

14

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау

16

Білім алушыларды оқудан шыгару

16

Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқу

17

GPA және оны есептей әдісі

18

Оқыту порталы

19

Тіркеу офисі

19

«Үміт» білім алушыларға қызмет көрсету орталығы

19

«Физика-математика» факультеті

20

«Жаратылыстану» факультеті

21

«Тарих және педагогика» факультеті

22

«Филология» факультеті

23

«Дене шынықтыру және спорт» факультеті

24

«Өнер және білім» факультеті

25

Кітапхана және электрондық каталогтар

25

Қоғамдық қасіттер орталығы: үйірмелер

26

Әскери кафедра

26

Спортклуб

27

Денсаулық

27

Тамақтану

28

Студенттік өмір

29

Маңызды байланыс желілері



Қымбаттың жас дос!

Сізді Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері қатарына қосылуынызben шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаздар ұстаханасы атандын шежірелі қара шаңырақ – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне қош келдіңіз!

Сіз өте дұрыс таңдау жасадыңыз! Еліміздегі педагогикалық оқу орындары арасында үздік бестікке кіретін білім, ғылым мен тәрбиенің киелі ордасынан талай білімпаз, ғұлама, айтулы ақын-жазушы, ұлагатты ұстаз, қогам қайраткерлері қанаттанып, түлеп ұшқан. Оқу орнымыздың гана емес, еліміздің мақтанышына айналған танымал түлектеріміздің онегелі жолын жалгастырап үздік студент болуыңызды қалаймыз.

Сіздерге табысты, тәжірибелі педагогтар, ғылым докторлары, профессор, академиктер дәріс береді. Отандық, шетелдік озық галымдардың, ғылыми багыттардың жетістіктерімен, жаңа білім беру мазмұны мен әдістерімен таныс бола отырып, кәсіби маман болуга қажетті білім-дәгдыштарды игересіздер. Студенттік өмір тек сабак оқумен, ғылыммен айналысумен шектелмейді. Оқу орнындағы Жастар саясаты бөлімі, Студенттік ректорат құрамындағы ұйымдар студенттік шақты мазмұнды, қызықты етіп откізуге қол ұшын созуға дайын. Қогамдық кәсіптер орталығындағы үйрмелердің біріне қатыссаңыз, мектеп мұғаліміне қажетті қосымша касіп үйренесіз.

Президенттің Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендегі, «Абай айтқан бес асыл іске берік – талапшиыл, еңбекшіл, ойшиыл, қанагатшиыл, рақымшиыл болсаңыз, болашағыңыз жарқын, жұлдызыңыз жогары болмақ!»

Тәуелсіз еліміздің білгір, саналы азаматы, кәсіпқой маманы болуга ұмтылыңыз! Ол үшін біз өз тарапымыздан барлық жағдай мен жан-жақты мүмкіндікті жасаймыз.

Тұгыры биік, еңселі еліміздің білімді, білікті, ізгілікті ұстазы, мемлекеттік, ұлттық ұстанымга адал, отанишил азаматы болуыңызга тілекtespiн!

Ізгі ниетпен, Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік педагогикалық университетінің
Басқарма төрагасы - Ректор
Сүгірбаева Гүлжан Даулетбекқызы

ШЕЖІРЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Сізді Қазақстанның ең байыргы оқу ордасы негізінде құрылған еңселі білім шаңырагында көргенімізге құаныштымыз!

1937 жылы оңтүстікте бірінші ашылған екі жылдық мұғалімдер институты 1954 жылы Шымкент педагогикалық институты болып қайта құрылды. Педагогикалық институт оңтүстік өңіріндегі ең алгаашқы жогары оқу орны болды. Осы үақыт аралығында еліміздің сол кезеңдегі маңдайалды алғашқы зияялары, ғалым ұстаздары еңбек еткен қасиетті де киелі қара шаңырақ тек облыс көлемінде гана емес, республикамыздың басқа да аймақтары үшін мыңдаған білікті маман педагогтарды даярлап шыгарды. Біз белгілі ақын-жазушылар, қоғам және мемлекет қайраткерлері М.Шаханов, Ә.Дербісәлі, Х.Есенқарақызы, Н.Бегалыұлы, И.Сапарбай, Е.Бопова, К.Алипова, С.Барақова сияқты түлектерімізben мақтанамыз.

1993 жылы Шымкент педагогикалық институты КР үкіметінің қаулысымен Түркістан қаласында жаңадан ашылған К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрамына кірді.

КР Үкіметінің 2011 жылғы 28 маусымдағы №722 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты болып қайта ашылды. 2017 жылдың 17 қарашасында КР Үкіметінің №753 Қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтына университет мәртебесі берілді.

2018 жылдың 16 қазанында Үкіметтің №649 Қаулысымен «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болды. 2019 жылдың 12 сәуірінде Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының Әділет басқармасында заңды түрде мемлекеттік тіркеуден отті.

Жаңадан қайта түлен, жаңашылдық пен рухани жана шырлықтың жарышысына айналған Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті аймақтагы алдыңғы қатарлы ғылым мен білім, тәрбие ордасы саналады. Қазіргі таңда университетте бакалавриат бойынша 34 білім беру бағдарламасы, магистратурада 21 білім беру бағдарламасы және докторантурада 12 білім беру бағдарламасы бойынша бәсекеге қабілетті болашақ мамандар даярлануда.

Университеттің миссиясы – білім саласындағы озық тәжірибелер негізінде адами капитал сапасын арттыру.


Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетті стратегиялық жоспарлау міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанның жогары білім беру жүйесін дамытудың әдістемелік орталығы мен көшбасшысының бірі ретінде алемдік деңгей талаптарына сай заманауи ЖОО-га, жаңа форматтагы білім беру және ғылым хабына айналуды көздейді.

Қазіргі таңда университет беделін көтеру, үш тілді білім беруді жетілдіру, мамандар сапасын жогары деңгейге жеткізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін, ең

алдымен, студенттердің жан-жақты, шыгармашылықпен білім ауына бар жағдайды жасаймыз. Білім, гылым салаларына және білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау ісіне КР Президенті К.К.Тоқаев тарапынан ерекше көңіл бөлініп, үздіксіз қолдау көрсетілуде.



ОҚУ ФИМАРАТТАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕР ҮЙІ



СЕҢІҢ ОҚУ ФИМАРАТЫң!



ОҚУ ГИМАРАТТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

- | | |
|--|---|
| 1. "ШАҢЫРАҚ" Бас оқу гимаралы
(А.Байтұрсынов көшесі, 13) | 5. №2 Студенттер үйі - 500 орындық
(К. Рысқұлбеков көшесі, 8) |
| 2. "ҚАЗЫНА" Б оқу гимаралы
(F.Илляев көшесі, 16) | 6. №4 Студенттер жатақханасы - 350 орындық
(Отыраар м/а, 140) |
| 3. "ТҮМАР" С оқу гимаралы
(А.Байтұрсынов көшесі, 63) | 7. №5 Студенттер жатақханасы - 241 орындық
(Нұрсәт м/а, 131 Б) |
| 4. №1 Студенттер жатақханасы - 500 орындық
(А.Байтұрсынов көшесі, 13) | 8. Кіші спорт алаңы
(А.Байтұрсынов көшесі, 63) |
| | 9. 30 гектар "Көлкент"
іс-тәжірибе алаңы |



СТУДЕНТТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ



ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Білім алуда жогары және жогары оқу орнынан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті стандарттың басшылыққа алу;
- Академиялық және академиялық емес қызметтің кез келген оқу және оқудан тыс бөлімшелерінен, университеттегі әкімшілігі тұлғаларынан ақпарат сұрату және алу;
- Оқу жоспарына сәйкес, қосымша білім беру қызметтерін өзінің қабілеті мен қажетіне сай балама курстарды таңдау;
- Барлық оқылатын пәндер бойынша силлабустар және пәндердің оқу-әдістемелік кешенін, ақпараттық ресурсты кітапхана мен техникалық орталықтардың қызметтің тегін пайдалану;
- Оқылатын пәннің сапасы мен деңгейін бағалай отырып, профессор-оқытушылар құрамының сауалнамасына қатысу;
- Бір оқу орнынан басқа оқу орнына, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысу;
- Университеттің спорттық және мәдени өміріне жоспардан тыс қатысу.



МІНДЕТТЕРІ

- Белгіленген мерзімде оқу жоспарына сай студенттердің өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау;
- Күнделікті сабактарға қатысу;
- Сабакқа кешікпеу;
- Академиялық адалдық қагидаттарын сақтау;
- Университет мәртебесіне қамқорлық ретінде мәдени және кәсіптік деңгейін жогарылату;
- Университет қызметкерлерінің, оқытушыларының адами қадір-қасиетін және білім алушылардың пікірін құрметтеу;
- Университет мұлкін қоргауга, ішкі тәртіп пен жатақхана ережесін сақтау.

ID КАРТА АЛУ КОРПОРАТИВТІК ПОШТА



Талапкер күндізгі оқу нысанының бірінші курсына қабылданғаннан кейін факультет деканатында студенттерге ID карта беріледі. ID карта студенттік билет, кітапханадан оқулық алу үшін оқырман билеті және университет аумағына кіруге рұқсат беретін бірден-бір құжат ретінде де қолданылады.



**ID-КАРТАНЫ БАСҚА ТҮЛҒАҒА БЕРУТЕ НЕМЕСЕ
БАСҚА БИРЕУДІҢ ID-КАРТАСЫН ҚОЛДАНУҒА ЖӘНЕ
ОНЫҢ БАЛАМА ТУРІН ЖАСАУҒА ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің барлық студенттеріне корпоративті электронды пошта ашилады және оны өз деканатының издан аласыздар.

Корпоративті электронды пошта университеттің доменінде құрылған және бұл поштаны қолдану университеттің жұмысын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл – поштага сенім артатын және пошта қауіпсіздігін арттыратын мүмкіндік. Университет осы пошта қолданушыларының іс-әрекеттерін бақылау мақсатында көре алады және қолданушыларға керек жағдайда (пароль аудистыру) дер кезінде көмек көрсете алады.

Корпоративті электронды пошта форматы:
familiyanyz.atupuz@oktpu.kz

ЖАТАҚХАНАГА ОРНАЛАСУ ПРОЦЕДУРАСЫ

Univer 2.0 байдарламасын ашу

<http://172.22.227.10/> - университет шында болсаным, Univer 2.0 байдарламасын ашу сілтемесі;

<http://univer.okmru.kz/> - университеттің ұмаратынан тыс жерде осы сілтеме арқылы Univer 2.0 байдарламасын ашасы.

Жатақханаға өтініш беру

Univer 2.0 байдарламасындағы өз аккаунтыңызға кірген сон, жоғары жақта орналасқан Е-услуги қызымет танданың:

Е-қызыметтер → Қызыметтер → Жатақханаға сұраным

Ашылған форманы толтырыныз

- Форманы толтырып болған сон, "Отправить запрос" батырмасын басып жеткіз

Жатақханага орналасу үшін студент алдымен Univer жүйесіне кіріп, «Е қызымет» түріндегі «Жатақханага өтінім» белгісін басып, онлайн түрдегі өтінім беруі тиіс.

Сонымен қатар арнайы комиссия ұсынылатын төмендегі құжаттарды сканерлеп, тіркеуі керек:

- 1) университет ректорының атына өтініш;
- 2) мүгедектігі туралы анықтама (бар болған жағдайда);
- 3) жетім/жартылай жетім екендігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) көп балалы отбасынан шыққандығын растайтын құжат;
- 5) халыққа қызмет көрсету орталығынан алғынған тұргылышты мекенжайы туралы анықтама;
- 6) университеттің медициналық қызметінің медициналық тексеру өткізгендегі туралы анықтама;
- 7) GPA балы 3,0-ден кем емес студенттер үшін тіркеу офисі берген анықтама, факультет деканы бекіткен мінездеме (№1 Студенттер үйіне орналасу үшін);
- 8) жеке күәлік көшірмесі – 2 дана;
- 9) 3*4 фотосурет – 2 дана;
- 10) жатақханада тұру үшін төленген төлемақы түбіртегі.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ҚАГИДАТТАРЫ

Білім беру процесінде өзінің оқуына жауапкершілігін және жеке адалдығын дамыту білім алушылардың академиялық адалдығының негізгі қагидаттары болып табылады:

- адаптилік – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды әділ, тыңғылқыты орындауы;
- авторлық құқықты қоргауды іске асыру – бағаланатын жұмыстарда дерек көздерін көрсетуі, басқаның ойын, сөзін бүрмаламай беруі, авторлық құқықтың нысаны болып табылады;
- ашиқтық – өзара сенімділік, студенттер мен педагог қызметкерлер және олармен теңестірілген тұлғалардың арасындағы идеялар мен ақпарат алмасудың ашиқтығы;
- білім алушылардың бостандығы мен құқықтарын құрметтей – білім алушылардың пікірімен идеяларын еркін білдіру құқығы;
- академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тұлға ретінде оқытушыға құрмет көрсету;
- академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесінің қатысушыларын көтермелей және ынталандыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академиялық адалдық қагидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау.



2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ



**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ**

ПӘНГЕ ТІРКЕЛУ

29.08-2.09.2022

Күзгі семестрдің пәндері бойынша
теориялық курсының басталуы

5 қыркүйек

1-агымдық бақылауды қорытындылау аптасы
2- агымдық бақылауды қорытындылау аптасы
3-агымдық бақылауды қорытындылау аптасы

03.10-07.10.2022

07.11-11.11.2022

12.12-16.12.2022

Күзгі семестрдегі теориялық
курстың аяқталуы

16 желтоқсан

Күзгі семестрдегі емтихан сессиясы
(4 апта)

19 желтоқсан - 13 қаңтар

Қысқы демалыс (14 күн)

16 қаңтар 2023 ж. –
27 қаңтар 2023 ж.



2022 – 2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КӨКТЕМГІ СЕМЕСТРИ

Оқу практикасы

30.01-10.02.2023

Көктемгі семестрдің пәндері бойынша
теориялық курсының басталуы

13 ақпан

1-агымдық бақылауды қорытындылау аптасы

13.03-17.03.2023

2- агымдық бақылауды қорытындылау аптасы

17.04-21.04.2023

3-агымдық бақылауды қорытындылау аптасы

22.05-26.05.2023

Пәнге тіркелу

17.04-28.04.2023

Көктемгі семестрдегі теориялық
курстың аяқталуы

26 мамыр

Көктемгі семестрдегі емтихан сессиясы

29 мамыр –16 маусым

Жазғы семестрге тіркелу

12.06-16.06.2023

Жазғы семестр

19.06-28.07.2023

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Университетте оқу процесі оқытудың кредиттік технологиясы (ОКТ) бойынша жүзеге асырылады.

Оқыту пәндерді таңдау негізінде кредитті (пәндердің бірлік өлшемі) пайдаланумен орындалады. Бір семестр барысында оқытылатын әр пәнге берілетін кредиттің жалпы көлемі 5-8 кредиттің құрайды, ерекше жағдайларда 3-5 кредит көлеміндегі пәндер енгізілуі мүмкін.

Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Оның аудиориялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде 30%-ын құрайды. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

Білім алушылардың өзіндік жұмысына үлкен маңыз беріледі: БӘЖ – білім алушының өзіндік жұмысы; БОӘЖ – білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы.

Әр білім алушыга семестрдің алгаушы аптасында сол семестрде оқылатын оқу жұмыс жоспарының әр пәні бойынша силлабус және оқу-адістемелік кешен (электронды түрде «Univer» жүйесінде) беріледі. БӘЖ тапсырмалары және оны тапсыру мерзімі силлабуста көрсетілген. Оқытушылар сізден тапсырмаларды оқып және орындаудын талап етеді.

Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін үйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбебе оқу жылы ішіндегі оқу сабактары, аралық және қорытынды аттестаттауды, қасіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін откізу дің кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрініс табады. Академиялық күнтізбе «Универ» жүйесі мен ОКМПУ сайтына орналастырылады.

ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕЛУІ ЖӘНЕ ЖОЖ ҚҰРУ

Студент академиялық тәлімгері-әдвайзердің көмегімен пәндерге тіркеліп оқу жылына арналған оқытудың жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастырады. Тіркеуді жүргізу уақыты академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Пәнді оқуга білім алушыларды тіркеуді Тіркеу офисі үйымдастырады. Сонымен қатар, әдістемелік-үйымдастыру және консультациялық жұмыстарды өткізу үшін арнайы кесте бойынша әдвайзер-тәлімгерлер презентациялар өткізеді.

Білім алушы тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын меңгеру үшін әдетте оқу жылында белгіленген 60 кредиттен кем түспейтін санына жазылады. Бұл ретте, білім алушы бір семестр ішінде 30 академиялық кредитті меңгереді. Білім алушының бір семестр ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп мөлишерін меңгеруіне де рұқсат беріледі.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты студенттің барлық оқу кезеңінде оқу зреңтінің барлық түрлерін қоса алғанда кемінде 240 кредитті меңгеруі болып табылады.

ОҚМПУ-га жаңадан түскен білім алушылардың тіркеуді бірінші семестрдің басталуына дейін бағыт беру атасының ішінде жүргізіледі.

ЖОЖ-ды үш данада факультет деканы бекітеді: бірі деканатта сақталады, бір данасы студентте, бір данасы Тіркеу офисінде болады.

СТУДЕНТТИҢ ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті студенттері бекітілген кестеге сәйкес барлық оқу түрлерінің сабактарына қатысуга міндетті. Сабактан себепсіз қалуға болмайды.

Сабактан студент келесі дәлелді себептері болған кезде босатылады:

- 1) ауырып қалған жағдайда;
- 2) шетелдік іссапарда болған мерзімде; спорттық жарыстарга барғанда (дәлелді құжаттарды деканатқа өткізу қажет);
- 3) жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты (қайтыс болғандығы туралы анықтаманы деканатқа өткізу қажет);
- 4) университет басшылығының келісімімен республикалық, облыстық, университет деңгейдегі басқа іс-шаралар (өкім), сондай-ақ құжатталған форс-мажор жағдайларда.

Бір академиялық кезең (семестр) ішінде дәлелді себептерсіз үзіліссіз 72 және одан да көп сағат сабакты жіберіп алған студенттер университеттің академиялық саясатын бұзғаны үшін университеттен шығарылады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТИСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін университетте олардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған:

- ағымдық бақылау;
- аралық бақылау (емтихан).

Ағымдық бақылау дегеніміз академиялық кезең ішінде оқытушиның аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстарда жүргізген оқу жоспарына сәйкес студенттердің білімін жүйелі түрде тексеру.

Ағымдық бақылау тапсырмаларын орындауга арналған балл пәннің силлабусында апта сайын орындалған тапсырмалардың саны мен қындық дәрежесіне сәйкес болінеді.

Ағымдық бақылаудың бағалары Univer жүйесіне қатысу журналында пәннің силлабусына сәйкес тиісті оқу апласында қойылады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау бір семестрде 5 апталық аралыққа бөлінген 3 рет қорытындыланады. Әрбір ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытуши құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӘЖ және т.б. сабактарында бағалайды, жынтық балл әр бақылау апласында Univer жүйесінде автоматтасып түрде шыгады.

Білім алушы белгілі бір себептермен (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты дәлелді құжаттары болған кезде) силлабуста көрсетілген бағалау апласында болмагандығына байланысты ағымдық бақылау тапсырмаган жағдайда факультет деканы жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат береді алады.

Аралық бақылау (емтихан) – пәнді оқыту мерзімі аяқталғаннан кейін академиялық күнтізбеге сәйкес емтихан сессиясы кезінде жүзеге асырылады.

Емтихан кестесі емтихан басталмай түрын екі апта бүрін деканатта дайындалып, «Универ» жүйесіне қойылады.

Сессияга оқу ақысын толық төлеген, сабакта 70% -дан жогары қатысқан, ағымдық бақылаулардан өту балын (өту балы $0,2^*(\text{АБ1}+\text{АБ2}+\text{АБ3}) \geq 30$ балл) жинаған академиялық демалыста немесе ұзақ мерзімді емделуде жоқ студенттер жіберіледі.

Емтихандар ауызша, жазбаша, тест, аралас және т.б. түрде откізіледі.

Емтихан басталғанға дейін білім алушы емтихан тәртібі ережелерімен танысуга және осы ережелерді сақтауга жеке жаупкершілікпен көтеруге міндетті.

Емтиханга келмеген жағдайда білім алушыға пән бойынша «F» (Fail) деген бага қойылады.

Емтиханга себепті жағдайларда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты) келмеген білім алушыға растайтын құжаттары болған кезде факультет деканы (Жогары оқу орнынан кейінгі білім болімі басшысы) өкіммен емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат береді.

Корытынды бақылаудың он бағасын емтихан сессиясының осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

“FX” “қанагаттанарлықсыз” бағасын алғанда оқу пәннің багдарламасын қайталап өтпей-ақ университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

“F” белгісіне сәйкес келетін “қанагаттанарлықсыз” бағасын алғанда білім алушы осы оқу

пәніне қайта жазылады, оқу сабактарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындауды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Білім алушының қорытынды бағасының 60%-ы ағымдық бақылаулардан (практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ және т.б. сабактарынан), қалған 40%-ы емтиханнан жиналады.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

Ағымдық баға1 (АБ1)≤100;

Ағымдық баға 2 (АБ2))≤100;

Ағымдық баға 3 (АБ3)≤100

Емтихан (Е)≤100

Корытынды бағалау (КБ)= $0,2*(\text{АБ1}+\text{АБ2}+\text{АБ3})+0,4*\text{E}$

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	<i>Өте жақсы</i>
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	<i>Жақсы</i>
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	<i>Қанагаттанарлық</i>
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	<i>Қанагаттанарлықсыз</i>
C-	1,67	60-64	
D	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫГАРУ

Білім алушылар университеттен келесі жағдайларда оқудан шыгарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
 - 2) академиялық ададлық қагидаттарын бұзғаны үшін;
 - 3) Ишкі тәртіп қагидалары мен ЖОО жаргысын бұзғаны үшін;
 - 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақыллы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
 - 5) өз еркімен;
 - 6) курстан-курсқа қалдырылған білім алушылар қайта оқуга тіркеlemеген жағдайда.
- Университеттен оқудан шыгарылған білім алушыга белгіленген үлгідегі академиялық анықтама (транскрипт) беріледі.

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУДАН ШЫГАРУ

Студенттеркелесі жағдайларда университеттеноқудан шыгарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қагидаттарын бұзғаныңшін;
- 3) Ішкі тәртіп қагидалары мен ЖОО жаргысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен;
- 6) курстан-курсқа қалдырылған студенттер тіркеlemеген жағдайда.

Жоғары оқу орнынан шыгарылған студентке белгіленген үлгідегі академиялық анықтама (транскрипт) беріледі.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ

1. Оқу процесін жаппай қашықтықтан білім беру технологиясына (КБТ) оқытуға ауыстыру тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырган, төтение жағдайлар енгізілген жағдайларда білім беру саласындағы үәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша іске асырылады.

2. Барлық пәндер бойынша лекциялық, практикалық және зертханалық сабактар сабак кестесіне сай ZOOM немесе оқытуышылар таңдаған басқада платформаларда түрлі формада (бейне-конференциялар, бейне-лекциялар, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар, чат-сабактар, веб-сабактар және т.б.) жүргізіледі. Бірақ тапсырмалар бойынша кері байланыс «Univer 2.0» жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

3. Пәндердің бейне-сабактарын университет сайтындағы сілтемелер арқылы кафедралардың You tube каналдарынан көруге болады.

5. Білім алушылар сабак кестесіне сәйкес жүргізілетін онлайн сабактарға қатысуы міндетті. Сабактан босату себепті жағдайларда гана рұқсат етіледі.

6. Пән оқытуышысы білім алушылардың білімін ағымдақ, межелік және аралықбақылауларды электронды ресурстар арқылы түрлі (тест, жазбаша, арас, портфолио, эссе және т.б.) формада жүзеге асырады.

7. Білім алушылар онлайн сабак барысында әден нормаларын сақтауга міндетті.

GPA ЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ

GPA деген не?

GPA (grade point average) – білім алушы үлгерімінің орташа балы, бір оқу жылындағы оқу жетістіктерінің бағалау деңгейі. GPA нәтижесі келесі курсқа ауысу және мемлекеттік білім грантын сақтауга негіз болып табылады.

Келесі оқу жылына көшүге, сонымен қатар мемлекеттік білім грантын сақтауга қажетті үлгерімнің төменгі орташа балы (GPA) -бакалавриатта:

- 1-ши курстан 2-ши курсқа – 1,8;
- 2-ши курстан 3-ши курсқа – 2,0;
- 3-ши курстан 4-ши курсқа – 2,0;
- 4-ши курстан 5-ши курсқа – 2,0.

GPA-ны қалай есептейді

Курс бойынша емтихан сессияларының қорытындылары бойынша жазғы семестрдің нәтижелерін қоса есептегендегі Tіrkuey офисі білім алушының орта балын (GPA) анықтайды. Бұл балл барлық кредиттер сомасы мен пән бойынша қорытынды бағасын (сандық көрсеткіштен) ағымдағы академиялық кезеңіндегі кредиттер сомасынан есептеледі. GPA білім алушының транскрипінде тіркеледі. GPA төмендегідей формула бойынша есептеледі:

$$GPA = \frac{КБ_1 * K_1 + КБ_2 * K_2 + \dots + КБ_n * K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

$KБ_1\dots$ сандық көрсеткіштегі пәндер бойынша қорытынды бағалар;

$K_1\dots$ оқытылған пәндер көлемі, кредит бойынша;

n – бүкіл оқу мерзімінде оқытылған пәндердің саны.

GPA есептеу үлгісі:

Пән	Кредит	Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті
Қазақстан тарихы	5	A+	4,0
Философия	5	Б	3,0
Математика	6	Б	3,0

Қазақстан тарихы: $4,0 \times 5 = 20,0$

Философия $3,0 \times 5 = 15,0$

Математика $3,0 \times 6 = 18,0$

Кредиттер сомасы = $20 + 15 + 18 = 53$

Кредиттердің жалпы саны = $5 + 5 + 6 = 16$

$GPA = \text{кредиттер сомасы} / \text{кредиттердің жалпы саны} = 53 / 16 = 3,31$

ОҚЫТУ ПОРТАЛЫ


Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіндегі оқыту порталы – «Univer» ақпараттық жүйесі.

«Univer» – автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде әр білім алушы жеке нарақ (жеке web-парақшасы) жасалған, студенттердің керекті ақпаратты табуына, қашықтықтан оқитын студенттерге тез арада оқу және бақылау бағдарламаларына еніп, оқытуышылармен интернет желісі арқылы немесе жогары оқу орнының ішкі желісі арқылы қатынас жасаудың көмек көрсетеді.

Бұл қажетті жүйе арқылы кез келген білім алушы өз нарақшасына кіріп өз бағаларын, аралық бақылау мен емтихан қорытындыларын, яғни пән бойынша қорытынды бағаларын, академиялық қарыздарын білуге мүмкіндік алады.

Барлық білім алушыларга «Univer» ақпараттық жүйесіне кіру үшін өздерінің тиісті деканаттары жеке логин пароль береді.

Автоматтандырылған Univer ақпараттық жүйесі веб-сайт бағдарламасына кіру үшін интернет желісіне қосылған компьютерде кез келген браузерді (Google chrome, Mozilla Firefox, internet explorer және т.б.) ашиғп, адрестік жолға (адресная строка) университет корпусының ішкі желісінде 172.22.227.10 адресін, ал үйде немесе интернет клубтарда және т.б. оқу орнанан тыс жерлерде адрестік жолға (адресная строка) Univer.okmru.kz адресін төрлеміз.



Ашилған веб-сайтта өзіңізге ыңғайлы тілді таңдаң, логин парольді мұқият енгізіп, егер пароль қызын символдардан құралған болса, блокном немесе word қосымшасына теріп алып, кейін көширіп (ctrl+c), логин немесе пароль деген жерге қойып (ctrl+v) өзіміздің жеке веб-парақшамызға кіреміз. Егер пароль 3 реттен артық дұрыс енгізілмей қалса, онда веб-парақшаның уақытша жабылып қалады. «Универ» жүйесіне кірген соң, құжаттар батырмасын басып, білім алушыларга арналған нұсқаулықты жүктеп, бұл жүйемен қалай жұмыс істеу болатындығымен танысуга болады.

ТІРКЕУ ОФИСІ



Тіркей офисі (ТО) – білім алушылардың оқудагы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрін үйымдастыру жұмысын қамтамасыз ететін, олардың транскриптін, жеке істерін жүргізетін академиялық қызмет. Тіркей офисі университеттің «Д» корпусының екінші қабатында орналасқан.

«YMIT» БІЛІМ АЛУШЫЛАРГА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ



Әр түрлі анықтамаларды беретін, білім алушылардың статистикасын жүргізетін, «бір терезе» ұстанымы бойынша жұмыс істейтін білім алушылардың оқу орнын ауыстыруға/оқу орнына қайта қабылдануга, оқудан шыгаруга, академиялық демалысқа және тағы басқага арналған өтініштерін қабылдайтын академиялық қызмет. «YMIT» білім алушыларга қызмет көрсету орталығы университеттің «Д» корпусының бірінші қабатында орналасқан.

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



«Физика-математика» факультеті университеттің ең үлкен факультеттерінің бірі. 1938 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізгі еki факультетінің бірі болып ашилған.

«Физика-математика» факультетінің деканы педагогика гылымдарының кандидаты Ибашова Альмира Байдабековна.

Факультет «Шаңырақ» оқу гимаратының З қабатында орналасқан. Факультетте 6 бакалавриат, 3 магистратура, 3 докторантуралық білім беру багдарламалары бойынша кадрлар даярлайды

Бакалавриат бойынша білім беру багдарламаларының атаулары

- 6B01501-Математика мұғалімдерін даярлау;
- 6B01502-Физика мұғалімдерін даярлау;
- 6B01503-Информатика мұғалімдерін даярлау;
- 6B01508-Математика-Физика мұғалімдерін даярлау;
- 6B01509-Математика-Информатика мұғалімдерін даярлау;
- 6B01510-Физика-Информатика мұғалімдерін даярлау;

Магистратура және докторантура бойынша білім беру багдарламаларының атаулары

- 7M01501-Математикадағогін даярлау;
- 7M01502-Физика педагогін даярлау;
- 7M01503-Информатика педагогін даярлау;
- 8D01501-Математика педагогін даярлау;
- 8D01502-Физика педагогін даярлау
- 8D01503-Информатика педагогін даярлау

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ



Жаратылыштану факультеті «Шаңырақ» оқу гимаратының 4 қабатында орналасқан. Жаратылыштану факультетінің деканы география ғылымдарының кандидаты Саулембаев Алтынбай Тағабайевич.

Жаратылыштану факультеті 7 бакалавриат, 3 магистратура, 2 докторантуралық білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

- 6B01504-Химия мұғалімін даярлау;
- 6B01505-Биология мұғалімін даярлау;
- 6B01405-Құқық және экономика мұғалімін даярлау;
- 6B01506-География мұғалімін даярлау;
- 6B01507-Химия-Биология мұғалімін даярлау;
- 6B01511-География-Тарих мұғалімін даярлау;
- 6B05101-Биология және сабактас ғылымдар.

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

- 7M01504-Химия педагогін даярлау;
- 7M01505-Биология педагогін даярлау;
- 7M01506-География педагогін даярлау;
- 7M05101-Биология;
- 8D01504-Химия педагогін даярлау;
- 8D01505-Биология педагогін даярлау.

ТАРИХ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТИ



«Тарих және педагогика» факультеті университеттегі ең алғаш құрылған үлкен факультеттердің бірі. Факультет тарихы 1937 жылы ашылған екі факультеттің бірі ретінде университет тарихымен сабактасып келеді.

«Тарих және педагогика» факультетінің деканы педагогика ғылымдарының кандидаты Таутаева Гульдарига Батыраевна. Факультет университеттің «Қазына» гимаратында орналасқан.

Факультетте 7 бакалавриат, 4 магистратура, 2 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды.

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

6B01101-Педагогика және психология;
6B01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы;
6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау;
6B01601-Тарих мұғалімін даярлау;
6B01602-Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау;
6B01801-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану маманын даярлау;
6B01901-Арнайы педагогика маманын даярлау;

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

7M01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы;
7M01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау;
7M01601-Тарих педагогін даярлау;
7M01901-Арнайы педагогика;
8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау;
8D01601-Тарих педагогін даярлау.

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ



«Филология» факультеті 1937 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізін қалаған алғашқы факультетінің бірі болып құрылған.

«Филология» факультетінің деканы филология гылымдарының кандидаты Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы.

Факультет университетіндегі «Тұмар» оқу гимаратында орналасқан. Факультетте 8 бакалавриат, 3 магистратура, 3 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды.

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

- 6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
- 6B01702 - Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
- 6B01703 - Ағылшын және неміс тілдерінің мұғалімін даярлау;
- 6B01704 - Қазақ тілін оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
- 6B01705 - Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
- 6B02302 - Филология;
- 6B02301 - Аударма ici;
- 6B01706 - Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау.

- 7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау;
- 7M01702 - Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау;
- 7M01703 - Шетел тілі: еki шетел тілі педагогін даярлау;
- 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау;
- 8D01702 - Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау;
- 8D01703-Шетел тілі: еki шетел тілі педагогін даярлау.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ФАКУЛЬТЕТИ



Шымкент педагогикалық институтында «Дене тәрбиесі» мамандығы 1966-1967 оқу жылында ашылды.
Алғаш рет 25 студент қабылданды.

1970-1971 оқу жылында «Дене шынықтыру» мамандығы өз алдына «Дене тәрбиесі» факультеті болып құрылды.

«Дене шынықтыру және спорт» факультетінің деканы-педагогика гылымдарының кандидаты, доцент Тұрысқұлов Умиралы Жусипович.

Факультет Спорт кешені гимаратының 2-қабатында орналасқан.
Факультет құрамында «Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери дайындық», «Дене шынықтыру» кафедралары жұмыс атқарады.

Факультетте 2 бакалавриат, 2 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

6B01401-Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау;
6B01402-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау;

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

7M01401- Бастапқы әскери дайындық педагогін даярлау;
7M01402- Дене шынықтыру педагогін даярлау;

ӨНЕР ЖӘНЕ БІЛІМ ФАКУЛЬТЕТІ



«Өнер және білім» факультетінің тарихы 1994 жылдан бастау алады. Бұл факультеттің деканы педагогика гылымдарының кандидаты, доцент м.а. Байбатшаева Айдайқызы Еркінбекқызы

Факультет «Тұмар» оқу гимаратының 1 қабатында орналасқан. Факультетте 4 бакалавриат, 3 магистратура, 2 докторантуралар білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды.

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

- 6B01404 - Көркем еңбек және сыйы мұғалімін даярлау;
- 6B01406 - Кәсіптік оқыту мұғалімін даярлау;
- 6B02101 - Дизайн;
- 6B01403- "Музыка мұғалімін даярлау

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларының атаулары

- 7M01406 – Кәсіптік оқыту педагогін даярлау;
- 7M01404 Көркем еңбек және сыйы педагогін даярлау;
- 7M01403-Музыкалық білім педагогтерін даярлау;
- 8D01406 - Кәсіптік оқыту педагогін даярлау;
- 8D01407 – Бейнелеу өнері және сыйы педагогін даярлау.

КІТАПХАНА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГТАР



Кітапхана құрылымы: алты оқу залы (бас оқу залы; гылыми оқу залы; электронды оқу залы; «100 жаңа оқулық» оқу залы; жатакханадағы оқу залы; салалық оқу залы) және бір абонемент.

Оқытушылар мен студенттерге «КАБИС» электрондық каталогына, деректер қорына және Интернет/Интернет ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігі бар, Wi-Fi қызмет көрсету аймагы бар Интернет ресурстарына тегін және шектеусіз қол жеткізу жүзеге асырылады.

Студент электрондық кітапхана мүмкіндіктерін тек оқу процесі мен гылыми зерттеулер үшін қажетті ақпаратты іздеу және өз бетінше жұмыс істей үшін пайдалануына болады.

ОҚМПУ Интернет желісіндегі «Web.КАБИС» электрондық каталогы: <http://172.22.227.9/KABIS/>

*Интернет желісіндегі «Web. КАБИС» электрондық каталогы: <http://ais.oktpri.kz/kabis>
«Ak奴urpress» цифрлық кітапханасы <http://aknurpress.kz> Мультимедиалық оқулықтар (смарт кітаптар) кітапханасы: <https://web.smart-kitap.kz>*

ҚОҒАМДЫҚ КӘСПТЕР ОРТАЛЫҒЫ: ҮЙРМЕЛЕР



Коғамдық кәсіптер даярлау» орталығында 8 түрлі үйірме жұмысын жүргізеді. Олар: Эстрада, Айтис, Дефиле, Домбыра, Бейнелеу өнері, Колөнер, Аспаптар жасау, Би үйімелері және университет ішінен құрылған «ОҚМПУ құрамасы» Жайдарман тобы.

Орталық университетішілік іс-шаралардан басқа қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларга қатысын, өнерпаз студенттердің шыгармашылығын шындауда елеулі істер атқаруда.



ҚОҒАМДЫҚ КӘСПТЕР ОРТАЛЫҒЫ ҮЙРМЕЛЕР

АЙТЫС ҮЙРМЕСІ
ДОМБЫРА ҮЙРМЕСІ
ЭСТРАДА ҮЙРМЕСІ
БИ ҮЙРМЕСІ
АСПАПТАР ЖАСАУ ҮЙРМЕСІ
ГОБЕЛЕН ҮЙРМЕСІ
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҮЙРМЕСІ
ДЕФИЛЕ ҮЙРМЕСІ
«ОҚМПУ ҚҰРАМАСЫ» ЖАЙДАРМАН ТОБЫ

Шымкент - 2020



ӘСКЕРИ КАФЕДРА



Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті әскери кафедрасында запастагы офицерлер мен запастагы сержанттарды даярлау мина мамандықтар бойынша жүзеге асырылады

1. Запастагы офицерлер бағдарламасы бойынша:

- 1) Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану;
- 2) Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру;
- 3) Әскери барлау бөлімшелері мен бөлімдерін жауынгерлік қолдану;
- 4) Қоңмақсатты қолданымдагы автомобильдік техниканы жөндеу мен пайдалану;
- 5) Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру;
- 6) Идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру;
- 7) Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;
- 8) Киім-кешекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 9) Әртке қарсы күзетті ұйымдастыру.

2. Запастагы сержанттар бағдарламасы бойынша:

- 1) Атқыштық;
- 2) Граната атқыш (танкіге қарсы қол граната атқыштар);
- 3) Пулеметтік;
- 4) Автомобильдер;
- 5) Әскери барлау;
- 6) Әртке қарсы қорғау және құтқару жұмыстары;
- 7) Әртке қарсы қызмет.



СПОРТ КЛУБ

Футбол
Баскетбол
Волейбол
Каратэ
Шахмат
Тогызықымалак



Шымкент - 2020

ДЕНСАУЛЫҚ



Университетте 3 оқу гимаратында және №1 студенттер үйінде ем-шара кабинеттерімен қамтылған медициналық пункттер орналасқан, студенттерге 4 мейірбике қызмет көрсетеді. Ақпан-наурыз айында студенттер міндепті медициналық тексеруден откізіледі.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттеріне қалалық №8 емханада медициналық қызмет көрсетіледі.

ТАМАҚТАНУ



Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде студенттерге тамақтану мекемелерінің желісі қызмет көрсетеді. Барлық оқу гимараттары мен жатақханаларының ішінде асханалар және буфет орналасқан. Ас мәзірі әртүрлі тағамдардан, соның ішінде диеталық тағамнан құралған, оларды қолжетімді бағамен сатып алуға болады.

1. **"ШАНЫРАҚ"** Бас оқу гимаратының 1-қабатында 40 орындық асхана орналасқан.
Мекенжайы: А.Байтұрсынов көшесі, № 13.

2. **"ҚАЗЫНА"** Б оқу гимаратының 1-қабатында 60 орындық асхана бар.

Мекенжайы: А.Байтұрсынов көшесі, № 13.

3. **"ТҮМАР"** С оқу гимаратына жалғанған қосымша гимаратта 40 орындық асхана орналасқан. Мекенжайы: А.Байтұрсынов көшесі, № 63.

4. №1 Студенттер үйінің 1-қабатында буфет бар.

Мекенжайы: А.Байтұрсынов көшесі, № 13.

5. №2 Студенттер үйінің 1-қабатында 40 орындық асхана орналасқан.

Мекенжайы: К.Рысқұлбеков көшесі, № 8

6. №4 Студенттер үйінің 1-қабатында 100 орындық асхана бар.

Мекенжайы: Отырар мөлтекауданы, № 140

7. №5 Студенттер үйінің 1-қабатында 50 орындық асхана орналасқан.

Мекенжайы: Нұрсат мөлтекауданы, №131Б



СТУДЕНТТИК ӨМІР



Студенттік өмір – жеке тұлғаның шыгармашылық дамуы мен пайдалы дәгдышларды менгеретін алтын уақыты. Ал студенттік үйымдар – бұның барлығын қол жеткізуің керемет мүмкіндігі.

Университеттің Жастар саясаты бөлімі белсенді, дарынды студенттерді танытып, студент жастар үшін түрлі жобалар жасап, пікір сайыс турнирлерін, түрлі акциялар, флешибартар өткізеді, студенттердің өзін-өзі басқару жетекшілері арасында семинар-тренингтер, конкурстар үйымдастырады.

Студенттің жан-жақты дамуы мен шыгармашылық әлеуетін қалыптастыруды университеттің жастар үйымдарының мәні зор. Бұғанға таңда Жастар саясаты бөлімінде мынадай студенттік үйымдар, бірлестіктер жұмыс істейді:



МАҢЫЗДЫ БАЙЛАНЫС ЖЕЛЛЕРІ

**CALL CENTER
(АНЫҚТАМА АЛУ ҮШІН)**

8(7252) 40-07-05

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ

Ибашова Альмира Байдабековна
+7 778 484-64-23

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ

Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы
+7 771 406-45-67

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ

Тұрыскұлов Умиралы Жусипович
+7 702 567-50-30

ТАРИХ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ

Таутаева Гүльдарига Батыршаевна
+7 775 722-44-38

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ

Саулембаев Алтынбай Тағабайұлы
+7 705 359-35-94

ӨНЕР ЖӘНЕ БІЛІМ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ

Байбатшаева Айдайқызы Еркінбекқызы
+7 701 403-48-09

